

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 234-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар:

1) қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және қабылдау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын;

2) бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтірсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2006 жылғы 21 тамыздағы  
N 234-ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

*Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.28. N 140 өкімімен.*

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімінің атауы	Кесімнің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	<i>алынып тасталды</i>			
2.	Республикалық бюджет жобасын және төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеу ережесі	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ЭБЖМ	2007 жылғы мамыр
3.	<i>алынып тасталды</i>			
4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан үш жыл мерзімге кепілдік берілген трансферттің мөлшерін айқындау ережесі	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ	2006 жылғы тамыз
5.	Бюджеттік кредит бойынша берешекті өтеу есебіне мүлікті сату және мемлекеттік меншікке алу ережесі	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2006 жылғы тамыз
6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың кейбір мәселелері туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰБ (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы қыркүйек
7.	"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін рұқсат етілген қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1236 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ	2006 жылғы қыркүйек
8.	"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині ( жинақтау), ЭБЖМ	2006 жылғы тамыз
9.	<i>алынып тасталды</i>			
10.	<i>алынып тасталды</i>			
11.	Бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын ішкі бақылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу ережесі	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині ( жинақтау), ЭБЖМ	2007 жылғы шілде
12.	Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесі	Қазақстан Республикасы	ЭБЖМ	2007 жылғы маусым

		Үкіметінің қаулысы		
13.	"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1405 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2006 жылғы қыркүйек
14.	"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 959 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2006 жылғы қараша
15.	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарын тіркеу мен есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1467 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2006 жылғы қараша
16.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сырттан басқарушыларды таңдау ережесі	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы	ҰБ (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы тамыз
17.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесі	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы	ҰБ (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы тамыз
18.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау және қайта айырбастау ережесі	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы	ҰБ (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы тамыз
19.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға ықпал ету шаралары мен санкцияларын қолдану ережесі	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы	ҰБ	2006 жылғы қыркүйек
20.	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар аппараттарының штат кестелерін әзірлеу жөніндегі әдіснамалық басшылық	ЭБЖМ-нің бұйрығы	ЭБЖМ	2007 жылғы тамыз
21.	"Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оны қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік	ЭБЖМ-нің бұйрығы	ЭБЖМ	

	жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 143 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы			2006 жылғы қыркүйек
22.	Бюджеттік кредиттердің тиімділігін бағалау жөніндегі есепті жасау және беру ережесі	ЭБЖМ-нің бұйрығы	ЭБЖМ	2007 жылғы мамыр
23.	"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ-нің бұйрығы	ЭБЖМ	2007 жылғы ақпан

**Е с к е р т п е :**

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
 м и н и с т р л і г і  
 Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
 ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі